

ҚАНДАЙ ДА БІР ЗАҢДЫҚ ХҮКІМДЕ, ҚАНДАЙ ДА БІР ЗАҢДЫҚ ХҮКІМГЕ НЕМЕСЕ ҚАНДАЙ ДА БІР ЗАҢДЫҚ ХҮКІМНЕН, ОСЫНДАЙ ЗАҢДЫҚ ХҮКІМНІҢ ТИІСТІ ЗАҢДАРЫН НЕМЕСЕ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРІН БҰЗУ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ЖАҒДАЙДА ТОЛЫҒЫМЕН НЕМЕСЕ ІШНАРА ЖАРИЯ ЕТУГЕ, БАСЫП ШЫҒАРУҒА НЕМЕСЕ ТАРАТУҒА ЖАТПАЙДЫ.

Күні: 19 сәуір 2021 ж.

"KAZ Minerals PLC" компаниясының жай акцияларын құжаттық түрде иеленетін және Қазақстан Республикасында тұратын немесе тіркелген "KAZ Minerals PLC" акционерлеріне (қазақстандық акционерлер-құжатты нысандағы акцияларды ұстаушылар) төлеу туралы құлақтандыру

Құрметті қазақстандық акционерлер-құжатты нысандағы акцияларды ұстаушылар!

Осы арқылы біз "Nova Resources B. V." компаниясы ("Сатып алушы") 2021 жылғы 26 наурызда жарияланған, ақырғы рет ұлғайтылған оферта құжатымен ("Соңғы оферта құжаты") енгізілген өзгертулерін қоса алғанда, 2021 жылғы 8 ақпандағы бастапқы оферта-құжатта көрсетілген шарттарда "Kaz Minerals PLC" ("KAZ Minerals") компаниясымен шығарылған және шығарылуға тиісті (Консорциум қатысушыларына тиесілі немесе олар бақылайтын "KAZ Minerals" акцияларынан өзге) барлық акционерлік капиталына қатысты ("Түпкілікті ұлғайған оферта") бағалы қағаздарға ұсынған ұсынымына сілтеме жасаймыз. Өзіңізге мәлім болғандай, Сатып алушы 2021 ж. 9 сәуірде Түпкілікті ұлғайтылған оферта барлық жағынан сөзсіз болуы туралы хабарландыру жасады. Демек, белгіленген тәртіппен түпкілікті ұлғайтылған Офертаны акцептеген "KAZ Minerals" акционерлері Сауда-саттыққа қатысушы компаниядан "KAZ Minerals" компаниясының әрбір акциясы үшін ақшалай нысанда 850 пенс мөлшерінде төлем алу құқығына ие болды.

Түпкілікті ұлғайтылған оферта құжатының 2 Бөлігінің 15.1 тармағында көрсетілгендей, егер акцепт құжатты нысандағы "KAZ Minerals" Акцияларына қатысты болса, онда есеп айырысу кез келген тиесті ақша қаражаттарын (тыйым салынған заңдық хукімдерді есепке алмағанда) "KAZ Minerals" компаниясы Акционерлерінің – алушыларының немесе олардың уәкілеттелген агенттерінің мекен-жайына бірінші сыныптағы поштамен (немесе Бірігу және сіңіру жөніндегі Комитетпен мақұлдандуы мүмкін басқа да тәсіде) жіберу арқылы жүргізілетін болады. Барлық төлемдер Ұлыбританияның клирингтік банк бөлімшесіне жазылған чек («Британдық чек») арқылы фунт стерлингпен жүргізілетін болады.

Біздің түсінуімізше, Қазақстанның Жергілікті банктеріндегі Британдық чектерді қолма-қол ақшаға айналдыру мүмкіндігіне қатысты аландаушылық бар. Осының салдарынан Түпкілікті ұлғайтылған офертаны акцептеген кез келген қазақстандық акционер-акцияларды ұстаушы белгіленген тәртіппен "Computershare" компаниясына (төменде айқындалғандай) түпкілікті ұлғайтылған Офертаның шарттарына сәйкес осы акционердің атына жазылған Британдық чектің күшін жою туралы және тиесілі ақша

қаражаты төменде көрсетілген тәртіпшен фунт стерлингте қолма-қол ақшасыз аудару арқылы туралы өтінішпен жүгіне алады.

"Computershare" компаниясына сұранысты жолдау тәртібі

Түпкілікті ұлғайтылған офертаны белгіленген тәртіпте акцептеген Құжатты нысандағы акцияларды ұстаушы қазақстандық акционер, мына мекен-жайға: KAZsettlement@computershare.co.uk, электронды хабарлама жолдап, фунт стерлинг қолма қол ақшасыз аударманы жүзеге асыру туралы өтінішпен "Computershare Investor Services PLC" ("Computershare") компаниясының Алушы-агентіне келесілерді алу үшін жүгінуге құқылы:

- ақша қаражаттары аударылатын тиісті қазақстандық банктік шоттың деректемелерін көрсете отырып, толтырылатын төлем тапсырмасының электрондық бланкісін; және
- Британдық чек сіздің поштаңызға жіберіліп қоятын тиісті жағдайларда – аталған Британдық чекті тиісті жеріне қайтарылатын пошталық деректемелерді.

"Computershare" компаниясы қаражаттарды қолма қол ақшасыз аудару туралы жоғарыда көрсетілген талаптарға сай келетін негізді сұранысты алатын кездері және Британдық чек қолданылатын жағдайларда, тиісті Британдық чек жойылады.

"Computershare" компаниясы қаражатты қолма-қол ақшасыз аударғаны үшін 25 фунт стерлинг мөлшерінде ақы алатын болады, оны қазақстандық акционер-акцияларды ұстаушы осы тәсілмен ақы төлеуді талап ететін Құжаттамалық нысанда төлеуге тиіс. Мұндай төлемді "Computershare" компаниясы тиісті қазақстандық акционер-акцияларды ұстаушыға Құжаттамалық нысанда аударылуы тиіс төлем сомасынан шегеріп, ұстап қалатын болады. Қолма-қол ақшасыз аударымды алушы банк қосымша комиссиялар алуы мүмкін, оларға қатысты "Computershare" компаниясы ешқандай консультация бере алмайды. Осы комиссияларды төлеу жөніндегі шығыстар тиісті қазақстандық акционерлерге-акцияларды ұстаушыларға Құжаттамалық нысанда жатады.

Сізде Түпкілікті ұлғайтылған офертаға сәйкес төлем тәртібіне қатысты, оның ішінде қолма-қол ақшасыз Аударымды жүзеге асыруға сұраныс салуды қалай жіберуге қатысты сұрақтар туындаған жағдайда, келесі мекенжайға электрондық хабарлама жібере отырып, "Computershare" компаниясының Алушы агентіне жүгіну қажет: KAZsettlement@computershare.co.uk. Түпкілікті ұлғайтылған офертаның мәні бойынша, сондай-ақ қаржы, заң немесе салық мәселелері бойынша "Computershare" компаниясы кеңес бермейді.

Егер сізге орыс немесе қазақ тілінде көмек қажет болса (яғни "Computershare Investor Services PLC" кеңес беретін ағылшын тілінде емес), келесі байланыс деректері бойынша "Nova Resources B. V." компаниясының атынан әрекет ететін "Verum" заң фирмасына жүгінуіңізді сұраймыз:

Мекен-жайы: Қазақстан, Алматы қ., А15Х3С7 (050013), Республика алаңы, 15, 5-қабат.

Тел.: +7 (727) 344 2831 / 2829

Электронды пошта: verum@verum.kz

"Verum" Заң фирмасы Түпкілікті ұлғайтылған офертаның мәні бойынша кеңес немесе қандай да бір қаржылық, заңды немесе салықтық ұсынымдарды бермейді. Осындай мәселелер бойынша "KAZ Minerals" акционерлері кеңес алу үшін өздерінің кеңесшілеріне жүгінулері қажет.

Түпкілікті ұлғайтылған офертаның шарттары мен оны акцепттеу рәсімдерінің толық сипаттамасын Түпкілікті оферта-құжаттан және тиісінше "Nova Resources B. V." компаниясының веб-сайтында қол жетімді акцептің Екінші Бланкісінен табуға болады: <http://www.novaresourcesbv.com/Announcements.html> Түпкілікті ұлғайтылған офертаның әрекеті аяқталғанға дейін.

Күмән тудырмас үшін, осы хабарландыруда айтылған ешнәрсе "KAZ Minerals" Арнаулы дивидентін төлеуіне ықпал етпейді, оны төлеу туралы толығырақ ақпаратты Түпкілікті офертаның құжатының 2-бөлімінің 15 (а) тармағында табуға болады.

Егер өзгеше көрсетілмесе, осы құлақтандыруда пайдаланылған аталымдар Түпкілікті офертаның құжатындағы мағынасына ие болады.

Құрметпен,

Nova Resources B.V.